

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VLXW3789>

**\*Ж. Б. Болатбекова<sup>1</sup>, А. М. Картаева<sup>2</sup>, Б. Д. Жұмақазеєва<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.;

<sup>3</sup>Сүлеймен Демирел атындағы университеті,

Қазақстан Республикасы, Қаскелең қ.

\*e-mail: [zhandai@bk.ru](mailto:zhandai@bk.ru)

## **АБАЙДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫН САЛЫСТЫРА ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОҚИТУ**

*Мақалада Абай Құнанбайұлының туындыларының өзегіне айналған адам мәселесі жайындағы еңбектерінің ұлттық-өңірлік компонент ретінде түпнұсқа және аудармаларды салыстырмалы оқыту арқылы әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру құралына айналғандығы қарастырылады.*

*Ғылымда антропоцентристік парадигма кең таралмай тұрып, өзі өмір сүрген ХІХ ғасырдың тұсында-ақ Абай өзіне дейінгі ойшылдардың еңбегін зерттеп, олардың шығармаларын аудару барысында қазақ әдебиетінде жаңаша жазба стиль қалыптастырғаны мақалада қарастырылады. Абай өз халқының жағдайына байланысты ой-толғаныстарын қарасөз, философиялық өлеңдері арқылы, толық адам концепциясы негізінде көрсетіп, жастарды жарқын болашақты құруға, білімге, рухани дамуға шақырғаны сөз етіледі. Ақынның өлеңдері терең философиялық сарында жазылып, әлеуметтік-тарихи жағдайлар жайында көзқарасын білдіретіні арнайы сөз болады. Ақынның шығармашылығына деген қызығушылық ХХ ғасырдан бастап, ақын шығармалары баспаға шыққан тұста кең өріс ала бастағаны дәлелденеді. Абайдың өлеңдері мен қарасөздері көптеген тілдерге аударылып, қазақ тілі мен әдебиетінің, қазақ елінің тарихының даңқын асқақтата түскені аталады. Алайда Абайдың ағылшын тіліндегі аудармалары тікелей қазақ тілінен емес, орыс тілінен ағылшын тіліне аударылуына байланысты, түпнұсқа мәтін мен аударма мәтінде мағынасына, философиялық көзқарастың оқырманға толық нақты жеткізілмеуі, ақынның түпкі идеясының ашылмай, бұрмаланып кетуі сынды кемшіліктер мақалада жан-жақты талданып көрсетіледі. Қазақ тілінен орыс тіліне аударылған*

*шығармалардың да Абайдың деңгейіне жетпей, әлі де сапалы аударманың қажет екендігі ұсыныс ретінде беріледі.*

*Кілтті сөздер: Абай, өлең, қарасөз, аударма, мәтін, ұлттық-өңірлік компонент, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік*

## **Кіріспе**

Парадигма – кез келген ғылым саласында өткеннен қазіргі уақытқа дейін жан-жақты зерттеліп, көпшіліктің ортақ келісімімен қабылданған нақты ережелер мен әдістемелік принциптердің жүйесі. Тіл ғылымы саласы дәстүрлі түрде үш ғылыми парадигманы қамтиды: салыстырмалы-тарихи парадигма, жүйелік-құрылымдық парадигма және антропоцентристік. XXI ғасырдағы барша ғылым саласын қамтыған зерттеу нысаны объектіден субъектіге бағытталған антропоцентристік парадигма болды. И. А. Бодуэн де Куртэне былай деген: «Тіл тек жеке мида ғана, тек жанмен ғана, берілген тілдік қоғамды құрайтын жеке адамдардың немесе жеке тұлғалардың психикасында болады». Тіл білімінде бұл дегеніміз – адамдағы тіл мен тілдегі адамды талдау – деп, атап көрсеткен [1]. Антропоцентристік парадигмада басты назар адамды зерттеуге бағыттталып, адам зерттеу субъектісі ретінде танылады, себебі тіл, яғни сөйлеу қабілеті адамды басқа тірі жан иелерінен ерекшелендіретін басты құрал, маңызды компонент ретінде саналады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік оқытылатын тілдің елі туралы білімнің жиынтығы, олардың сөйлеу мінез-құлқының ұлттық-мәдени ерекшеліктері және мәдениеттер диалогы процесінде осы білімді пайдалану қабілеті ретінде анықталады. Алайда мәдениетаралық коммуникация теориясының маңызды элементі бола отырып, әлеуметтік-мәдени даму өз елін, аймағын және мәдениетін көрсете білуді де қамтиды.

Осы тұста қазақтың дара тумасы, бас ақыны Абай Құнанбайұлы шығармаларының мазмұнының жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлттық бірегейлікке, білімділік пен ақыл-ойдың, сауаттылықтың адам өміріндегі маңыздылығына бағытталуы өзі өмір сүрген XIX ғасырдың аяғында-ақ ақын шығармаларының сол кезден антропоцентристік бағыттағы көзқараста болғандығын көрсетеді.

Абай халқын қасіреттен құтқаруды көздеп, бодандыққа қарсы тұруға, намыстарын оятып, ауызбіршілікке шақырды. Абай өлеңдерінің түп мазмұны философиялық ой-толғамдар мен рухтандырушы күрескерлік қасиетке толы. Абай Батыс ақындарының шығармаларын көп зерттеді, өзіндік ой түйіп, сол ізденісінің нәтижесінде қазақтың өлең үлгісін жаңаша байыпта дамытып, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы ретінде танылды.

Абай поэзиясының арқауына айналған ғылым, білім және еңбек мәселелері әсіресе қарасөздерінде көрініс тапқан. Абайдың өлеңдері

элеуметтік аясы кең тақырыптарды қамтиды. Шығармаларының барлығы дерлік оқырманды өнер-білімге, сауаттылық пен ғылыми құмарлыққа үгіттейді. Абайдың адамды тануға, жалпыадамзаттық құндылықтарға қатысты, адамды басты мәселе ретінде зерттейтін айтулы еңбегі деп толық адам ілімі мен қарасөздерін ерекше атап өтсек болады. Абайдың ғақлия сөздері, өлеңдері мен поэмалары тек өз елімізде ғана емес, шетелдік оқырмандардың да ыстық ықыласына жылдан жылға бөленуде. Абай шығармаларында көрініс тапқан антропоцентристік идеялары жаңа ғасырда ерекше ілтпатқа ие. Абайдың толық адам ілімі болашағы жарқын, саналы, игі қасиеттерді бойына сіңірген, адамды адам атына лайық болатындай басқа жаратылыс иелерінен ерекшелендіріп, әділетті, жігерлі, білімді адам тұлғасын басты назарға қояды.

### **Материалдар мен әдістер**

Бұл зерттеу жұмысында ұлттық-өңірлік компонентті шет тіліндегі аудармаларды түпнұсқамен салыстыра оқыту процесіне интеграциялау арқылы студенттердің элеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында Абайдың төл шығармалары және аудармаларының үзінделері келтіріледі. Салыстырмалы талдау жасалып, ақын мен аударма мәтіндегі айтылған тұлғаға бағытталған ой-толғамдардың элеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудағы рөлі қарастырылады.

Элеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында оқыту процесінде қолданылатын негізгі материал ретінде оқу мәтіні саналады. Оған көркем шығарма, елтану және тақырыптық бағыттағы мәтіндер, өлеңдер, әндер, диалогтар, сұхбаттар, бейне және аудио материалдар жатады. Біздің зерттеуімізде ұлттық-өңірлік компонент ретінде Абайдың «Қалың елім, қазағым...» өлеңі мен оның орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары, Абайдың 45-қарасөзі мен аудармалары түпнұсқалық материалдармен жұмыс жасау, сонымен қатар, зерттеліп жатқан тілдің фольклорлық үлгілерін туған өлкенің фольклорымен салыстыру сынды әдістер студенттердің оқуға деген ынтасы мен мотивациясын арттырады. Аударма мәтіннің түпнұсқа ойды қабылдауы немесе түрлендіруі студенттердің аудармашының әлемдік бейнесімен танысуына және шығарма авторының мәдениетін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Ұлттық-өңірлік компонентті оқыту үдерісіне интеграциялаудың тағы бір тәсілі – сөйлеу құзыреттілігін дамытуға, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне байланысты білім деңгейін арттыруға, сондай-ақ микро-топтарда жұмыс істеуді үйренуге және іздеу дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін – жобалау қызметін тиімді әдіс ретінде қарастырамыз.

### Нәтижелер және талқылау

Абайдың философиялық іліміне тоқтала отырып, оның айқын ұлттық және бір мезгілде ұлттан тыс болмысы байқалады. Ақынның назары – қазақ халқының тағдыры, қазағының мәселесі. Оған мысал ретінде ақынның айтулы туындысы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінің алғашқы 4 жол үзіндісі қарастырылды. Жалпы шығарманың мағынасы терең, сыни реалистік сарында, сол заманғы халықтың хал-ахуалы ашық түрде жазылған ащы шындыққа негізделген:

*«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,*

*Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.*

*Жақсы менен жаманды айырмадың,*

*Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» [2, 21-б.] (Абай)*

Түпнұсқа өлеңнің орыс және ағылшын тіліндегі аудармалары салыстырмалы талдауға алынды. Ең алдымен, 1-кестеде берілген орыс тіліндегі аудармалардың жалпы мәтініне көз жүгіртетін болсақ, Абайдың халқының ауыр жағдайына байланысты ой-толғанысының ешқандай аудармада жеткілікті дәрежеде көрсетілмегендігін, түпнұсқаның басты идеясының, проблемасының ашыла қоймағандығын аңғарамыз.

#### Кесте 1 – «Қалың елім, қазағым..» орыс тіліндегі аудармалары

<i>О казахи мои, мой бедный народ!</i> <i>Ус, не ведавший бритвы, скрывает твой рот.</i> <i>Кровь за левой щекой, жир за правой щекой.</i> <i>Где добро и где зло, ум ли твой разберет?</i> <i>[2, 135-б.] (Ю. Кузнецов)</i>	<i>О казахи мои, мой бедный народ!</i> <i>Жестким усом небритым прикрыл ты рот.</i> <i>Зло – на левой щеке, на правой – добро...</i> <i>Где же правда? Твой разум не разберет!</i> <i>[3, 19 -б.] (С. Липкин)</i>	<i>Казахи, бедный мой народ,</i> <i>Небритый ус обвис тебе на рот.</i> <i>Кровь на одной твоей щеке. Другая</i> <i>Твоя щека в бараньем салe. Вот</i> <i>Таким ты ликом к миру обращен,</i> <i>В добре и зле душой непросвещен.</i> <i>[4, 109-б.] (М. Дудин)</i>
--	---	---

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген 1-тармақтағы «қайран» сөзінің мағынасына келер болсақ, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» [5] 3 түрлі мағынаға ие: 1 – күш-қуат, дәрмен; 2 – тандану, дал болу; 3 – әттен, шіркін сынды одағай мағынасында.

Абайдың «қайран жұртым» деуінің астары тереңде жатыр. Ақын сол кезеңде қазақ халқының элеуметтік жағдайының төмендеп, халықтың білім-ғылымға ынтасының болмауына, болашаққа қатысты ешқандай талпыныс

жасалмай жатқандығына ащы өкінішін, уайымын білдіреді. Орыс тіліндегі аудармалардың нұсқасын алып қарайтын болсақ, «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» [6] «бедный» сөзі 1 – кедей, мұқтаж, 2 – бір нәрсеге қатысты кемшілігі бар, 3 – бақытсыз, аянышты, дәрменсіз сынды мағыналарды білдіреді. С. Липкин мен Ю. Кузнецов: *«О казахи мои, мой бедный народ»*, – деп, Абайдың өкінішке толы сезімін түпнұсқадағыдай жеткізе алмағандығы байқалады. Себебі қаратпа сөз ретінде «о казахи» деп, «мой бедный народ» деп жалғастыру кедей, бақытсыз, дәрменсіз күйдегі халықты елестетеді, Абай болса «эттен» деп өкінішін, назын білдірген болатын. Салыстырмалы түрде М. Дудиннің *«Казахи, бедный мой народ»* деп аударуында Абайдағыдай қаратпа сөз ретінде «казахи» сөзін қолдану, оқырманның назарын аударып, түпнұсқадағыдай өкініш, аяушылық сезімін тудыратындығы байқалады. Алайда Абайдың өлеңіндегі «қайран» кедей де, байғұс та емес, ақынның үмітсіздік шегіндегі ренішпен араласқан туған халқына деген махаббат сезімін білдіреді.

*«Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың»* деген 2-тармақтағы «ұстара» сөзінің негізгі мағынасы өте терең, метафора ретінде қолданылып тұр. Яғни ұстара арқылы сақал-мұрт, шашты алып, бет-әлпетті қалыпқа келтіреді. Сол себепті қоғамды басқарушы білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, адал еңбек етуші ел басқаратын адамның болмауынан халықтың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы төмендеп, елдің берекеті қашқандығын, жақсы бір ел басқарушыға халықтың мұқтаждығын айтады. «Мұрт» сөзінің мағынасы өз бетімен кеткен, ойына келгенін істеп, мақсатсыз жүрген адамның бейнесін елестетеді. Бұл тұста ешқандай аудармада ақынның айтқысы келген ойы ашылмады. Ю. Кузнецов аудармасында былай дейді: *«Ус, не ведавший бритвы, скрывает твой рот»*, ал С. Липкин аудармасында: *«Жестким усом небритым прикрыл ты рот»*, – десе, *«Небритый ус обвис тебе на рот»*, – деп М. Дудин аударған еді. Бұл аудармалар дәрменсіз қалыптағы сақал-мұрты өскен, ұқыпсыз адамның бейнесін оқырманның санасында тудырады.

*«Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың»* жолында адамның сипаты беріледі. Бұл жердегі бір ұрты май, бір ұрты қан – екі жүзді, қанын езер адам [5] деген мағынаны білдіреді. Бұл тұста Ю. Кузнецов: *«Кровь за левой щекой, жир за правой щекой. Где добро и где зло, ум ли твой разберет?»*, – десе, С. Липкин: *«Зло – на левой щеке, на правой – добро... Где же правда? Твой разум не разберет!»*, – дейді, М. Дудиннің аудармасында: *«Кровь на одной твоей щеке. Другая*

*«Твоя щека в бараньем сале. Вот*

*Таким ты ликом к миру обращен,*

*В добре и зле душой непросвещен»* [4, 109-б.], – деп аударылған.

Аударма сәл өзгеше түрленгенімен, өкінішке орай, ешқандай аудармада Абайдың түпкі ойы ашыла қоймады. Абай әлеуметтік-адамгершілік ұстанымды, адам мен заманды түзетуге тырысты. «Мұрттың ауызға түсуі», адамдар арасындағы екіжүзділік, надандық сияқты көріністер арқылы сол кездегі адамдардың адамгершілікке жат мінез-құлқын сынап, үлкен философиялық ойды ортаға салды. Алайда тарихи-рухани мәні зор ақынның бұл ойы орысша аудармаларда тым қарапайым түрде, мән-мағынасы ашылмаған күйінде қалды.

Ағылшын тіліндегі аудармалар (Кесте 2) тікелей қазақ тілінен емес, орыс тіліндегі аудармалардан ағылшын тіліне аударылғандықтан, орыс тіліндегі аудармадағыдай Абайдың терең философиялық идеясын көрсете алмады. Десе де, ағылшын тілінде өлең басқаша сезім мен қабылдауда берілген.

Кесте 2 – «Қалың елім, қазағым..» өлеңінің ағылшын тіліндегі аудармалары

<p><i>Oh, Kazakhs, my poor people, you let your moustaches grow. Since you don't distinguish good from evil, now you have blood on one cheek and grease on the other. [2, 240-б.]</i> (Р. Маккейн)</p>	<p><i>O my luckless Kazakh, my unfortunate kin, An unkempt moustache hides your mouth and chin. Blood on your right cheek, fat on your left – When will the dawn of your reason begin? [7, 32-б.]</i> (Д. Роттенберг)</p>
--	---

Р. Маккейннің аудармасында орыс тіліндегі аудармадағыдай жолма-жол аударма болғанымен, ұстара сөзі мүлдем алынып тасталып, Майккейн: «*you let your moustaches grow*», – дейді, яғни мұрттың өсуіне адам өзі жол берді деп аударады.

Д. Роттенбергтің аудармасында сәл өзгешеліктер бар. Роттенберг былай аударған: «*O my luckless Kazakh, my unfortunate kin*». Аударма өлеңнің алғашқы жолы бақытсыз қазағым, дәрменсіз туысым деп аударылып, ұстара сөзі бұл аудармада да қолданылмады. «*Dawn of your reason*» тіркесі [8] жаңа уақыттың басталуы немесе жаңа деңгейге көшу деген мағынаны береді. «Dawn» сөзі ағылшын тілінің сөздігінде «*the beginning of the day, when it begins to get light*» деген мағынада, тура аудармасында күннің бастамасы, күн шыққанға дейінгі аспандағы жарықтың алғашқы пайда болуы. «*When will the dawn of your reason begin?*» деген жолда тура аудармасында «ақылыңның таңы қашан басталады?» дегендей беріліп тұр, қазақшаға бұрмаласақ, көзін ашылу, терең ұйқыдан ояну деген мағынаға сәйкес келіп тұрған тәрізді. Бұл жерде Д. Роттенберг Абайдың болашаққа қатысты уайымын түсінгендей.

Абайдың қарасөздерінің аудармалары жайлы айтар болсақ, аударма жинақтардың барлығында Р. Сейсенбаев пен К. Серикбаеваның орысшаға аудармалары мен орыс тілінен ағылшын тіліне аударылған Р. МакКейннің



нұсқалары ғана кездеседі. Дегенмен Абайдың қарасөздерін орыс тіліне аударғандардың қатарында К. Серикбаевадан бөлек С. Санбаев пен В. Шкловскийдің еңбектерін де ескере кетуді жөн санаймыз (Кесте 3). Абайдың 45-сөзінде қысқаша айтар болсақ, Алла тағаланың махаббат, әділдік, сезім сынды қасиеттерді адам бойына дарытқандығы, жалпы әлем мен сол әлемде тіршілік етуші әрбір жаратылыстың Аллаһтың шексіз махаббатына бөленуі, барлық заттың өзара байланысы мен әсемдігі жайында, Аллаһты барша адамзаттың, тілі, дініне қарамастан тануы, қабылдауы жайлы айтылады. *«Адамшылықтың алды – махаббат, гадаләт, сезім. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп»*, – деп Абай қорытындылайды [2, 121 б.].

### Кесте 3 – Абайдың 45 - қарасөзінің орысша аударма үзінділері

*...Мы не создатели, а смертные, познающие мир по созданным вещам. Мы – служители любви и справедливости...*

Начало человечности – любовь и справедливость. В ком господствуют чувства любви и справедливости – тот мудр, тот – учен. Мы не способны принимать науку, мы можем только видеть, осязать созданный мир и постигать его гармонию разумом [2, 227 б.] (К. Серикбаева)

*... Мы, смертные, сами не создатели и все понимаем по созданным вещам.*

Начало человечности – любовь, справедливость, чувства. Это всегда нужно и во всем нужно.

Мы не создаем науку, мы познаем мир, который мы видим. Тот, у кого больше знаний, любви, справедливости, - тот мудрец, тот ученый, тот овладел миром [9]. (В. Шкловский)

*... Мир создали не люди – мы только познаем уже сотворенный Мир. Сущность человека составляют любовь, справедливость и душевность. Люди не могут обходиться без этих начал.*

Ученым и мыслителем становится только тот, кто способен на глубокое чувство и обладает высшей справедливостью.

Но не мы придумываем науку, она появляется как результат наших ощущений, наблюдений и размышлений о созданном вокруг нас и организованном для нас мире. [10] (С. Санбаев).

Жоғарыда келтірілген аудармаларды өзара салыстыратын болсақ, К. Серикбаеваның аудармасы жолма-жол аударылғандығына қарамастан, адамға тән тек қана әділдік пен махаббат сезімдері деп қана аударып,

сезімнің өзін де бір қасиет ретінде қарастырмаған. Осы тұста Абайдың «толық адам» ілімін еске алып, толық адам концептісінің басты идеясы саналатын – иманигүл басқаша «үш сүю» деп аталатын ақын танымының өзекті мәселесін атап өткен дұрыс болар. Толық адам ілімі бойынша пенденің Жаратушысымен байланысы, Аллаға деген махаббаты бірінші сүю болса, барша адамзатты сүю екінші, ал әділдікті сүю үшінші сүю болып аталады.

В. Шкловский аудармасында махаббат, әділдік және сезімнің басты рөл ойнайтындығы жайында айтылып, Абайдың айтқысы келген ойын аудармашы жалпылай жеткізе білгендей көрінеді.

Алайда С. Санбаевтың аудармасын ерекше атап өтуді жөн санаймыз. Себебі аудармашының қарасөзді өзінің түсінігі, өз көзқарасымен ұштастыра отырып, өзінің қабылдауына сай түрлендіргені аңғарылады. Дегенмен де Абайдың ғана ойы емес, аудармашының да өзіндік ой-толғауы қабаттасып кеткендіктен, бұл жерде жалпы оқырман түсінетін ой айтылғандай, Абайдың өзіндік стилін көру қиындық тудырады.

Аудармалар мен түпнұсқа мәтіндерді салыстырмалы талдау нәтижесінде, Абайдың шығармаларының әлі де нақты, түпнұсқаға жуықтау сапалы аудармаларының аз екендігіне көз жеткіздік. Әйтсе де, аудармашылардың өз дүниетанымы бойынша, өзіндік философиясына қарай Абайды түсінуге және оқырманға ақын шығармаларын түсіндіруге тырысқандығын ескеру қажет.

Студенттерді топ-топпен бөліп, жоғарыда қарастырылған Абайдың басқа да қарасөздеріне қатысты немесе тәрбиелік, философиялық сарында жазылған туындыларын қарастыру мақсатында топтарға тапсырма беріледі (Кесте 4).

Сөйлеу құзыреттілігін дамытуда, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне байланысты білім деңгейін арттыруда, топпен жұмыс жасауды үйренуде және ақпаратты іздеу және талдау, түпнұсқа мәтін мен аудармаларды салыстыра отырып аудармашы мен автордың дүниетанымын, бастапқы ой мен аудармадағы жаңаша көзқарасты анықтап, ара-жігін анықтай алуды үйрену жолында жобалау әдісінің тиімділігі сөзсіз.

## Кесте 4 – Жоба бойынша топтық тапсырмалар

<p>1- топ - 45 қарасөзінен тапсырмаға сәйкес түпнұсқа мәтін таңдалады; - Аудармаларға салыстырмалы талдау жасалынады; - Түпнұсқа және аударма қарасөздердің қысқаша мазмұны PowerPoint презентациясы түрінде, басқа топ мүшелеріне түсіндіріледі</p>	<p>Тапсырма: Абайдың адам/махаббат/ өмір/білім мәселесіне қатысты шығармаларының түпнұсқа және аудармаларына салыстырмалы талдау жасау</p>	<p>2 -топ - Абайдың тапсырмаға сай түпнұсқа өлеңі талдауға алынады; - Әр түрлі тілдердегі аудармасына салыстырмалы талдау жасалады; - Аударма мен түпнұсқа өлеңді мәнрлеп оқу арқылы басқа топ мүшелеріне таныстырылады</p>
--	--	---

**Қорытынды**

Әлемдік жаһандану және тілдер мен мәдениеттердің интеграциясы жағдайында студенттердің жеке басын дамытуда және оның жалпы көкжиегін кеңейтуде маңызды рөл атқаратын әлеуметтік-мәдени компонент орталық орын ала бастады. Өз заманының ғұламасы Абай болса, XIX ғасырдың өзінде-ақ адамды басты назарға қойып, шығармашылығының өзегі, дүниетанымының басты мәселесі ретінде алған. Ол адамның ішкі жан дүниесін ақындарға тән көркем-бейнелі түрде ғана емес, адам туралы өз ойын ғылыми-концептуалды түрде қарасөздері, толық адам концепциясы сынды ілім, өлеңдері арқылы білдіре алған. Бірақ қазақ халқының жағдайын бағалай отырып, Абай іс жүзінде талдаудың әмбебап, әлемдік-тарихи, жалпы адамзатқа ортақ мәнін белгілейді. Абай өзінің поэтикалық және прозалық шығармаларында адамның, өмірдің мақсаты мен мәні, карама-қайшы ұғымдар: жақсылық пен жамандық, әділ және әділетсіз, әдемі және ұсқынсыз; идеалдылық пен ризық, берекет туралы үнемі ой жүгіртеді. Ол адамның өткенге, қазіргі және болашаққа деген көзқарасын түсінуге тырысады.

Абайдың шығармаларының көптеген тілдерге аударылғандығына қарамастан, әлі де аударманың сапасы, ақынның басты ойын жеткізе, көркем түрде көрсете алу жағынан жасалатын жұмыстардың жеткіліксіз деңгейде болғандығы өкініш тудырады. Дегенмен де жылдан жылға артып келе жатқан Абайға, оның шығармашылығына деген қызығушылық қазақ тілі мен әдебиетінің мәртебесін асқақтатып, тілдің өзге халық өкілдері арқылы зерттеліп, таныла бастауына түрткі болғаны куантады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында оқыту процесінде қолданылатын негізгі материал оқу мәтіні: көркем, елтану және

тақырыптық бағыттағы мәтіндер, өлеңдер, әндер, диалогтар, сұхбаттар, бейне және аудио материалдар болып табылады. Оқу мәтінінің түпнұсқа болуы студенттердің оқуға деген мотивациясын едәуір арттырады. Сондықтан мақаламызда Абайдың төл шығармалары мен аудармалары әлеуметтік-мәдени компонент ретінде негізге алынып, салыстырмалы түрде талданды.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Амирова, Н. Д.** Парадигмы в языкознании, Вестник Актыубинского университета им. С. Баишева, 2011 // [Электронды ресурс] – <https://articlekz.com/article/12298>

2 **Абай.** Қарасөз. Книга слов. Book of words [Мәтін]. – Международный клуб Абая, 2009 . – 338 б.

3 **Кунанбаев, Абай** / Избранное. [Мәтін]. – М.: Альпина non-фикшн, 2012. – 128 б.

4 **Абай.** Стихи. Переводы русских поэтов. [Мәтін]. – Алматы, «Ғылым». – 1995. – 207 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. [Электронды ресурс]. – <http://kaz.slovopedia.com/146/53914/1512265.html>

6 Толковый словарь Ожегова онлайн. [Электронды ресурс]. – <https://slovarozhegova.ru/word.php?wordid=1213>

7 **Абай Құнанбаев.** Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар (ағылшын тілінде).[Мәтін]. – КСРО, 1970. – 191 б.

8 Macmillan dictionary. [Электронды ресурс]. - <https://www.macmillandictionary.com/dictionary/british/the-dawn-of-something>

9 Слова назидания. Перевод В. Шкловского. [Электронды ресурс]. – <https://abai.kaznu.kz/rus/?p=105>

10 Слова назидания. Перевод С. Санбаева. [Электронды ресурс]. – <https://abai.kaznu.kz/rus/?p=113>

### References

1 **Amirova, N. D.** Paradigmy` v yazy`koznanii [Paradigm in language]. Vestnik Aktyubinskogo universiteta imeni S. Baisheva, 2011 // [Electronic resource] – <https://articlekz.com/article/12298>

2 **Abai.** Qarasóz. Kniga slov. Book of words [Text]. – Abay International Club, 2009 . – 338 p.

3 **Kunanbaev, Abaj** / Izbrannoe [Kunanbayev Abay/Selected] [Text]. – М.: Al`pina non-fikshn, 2012. – 128 p.

4 **Abaj**. Stixi. Perevody` russkix poe`tov. [Abay. Poetry. Translations of Russian poets] [Text]. – Almaty, «Gylym». – 1995. – 207 p.

5 Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language] [Electronic resource]. – <http://kaz.slovopedia.com/146/53914/1512265.html>

6 Tolkovy`j slovar` Ozhegova onlajn [Ozhegov's explanatory dictionary online] [Electronic resource]. – <https://slovarozhegova.ru/word.php?wordid=1213>

7 **Abai Qunanbaev**. Tańdamaly óleńder men poemalar (in English) [Abai Kunanbayev. Selected poems] [Text]. – the Union of Soviet Socialist Republics, 1970. – 191 p.

8 Macmillan dictionary. [Electronic resource]. – <https://www.macmillandictionary.com/dictionary/british/the-dawn-of-something>

9 Slova nazidaniya. Perevod V. Shklovskogo [Words of edification. Translation by V. Shklovsky] [Electronic resource]. – <https://abai.kaznu.kz/rus/?p=105>

10 Slova nazidaniya. Perevod S. Sanbaeva [Words of edification. Translation by S. Sanbaev] [Electronic resource]. – <https://abai.kaznu.kz/rus/?p=113>

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

\*Ж. Б. Болатбекова<sup>1</sup>, А. М. Картаева<sup>2</sup>, Б. Д. Жумакаева<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Восточно-Карагандийский университет имени С. Аманжолова  
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск;

<sup>3</sup>Университет Сулейман Демиреля  
Республика Казахстан, г. Каскелен.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

## СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ И ПРЕПОДАВАНИЕ АНГЛИЙСКИХ ПЕРЕВОДОВ АБАЯ

*В статье рассматривается, как произведения Абая Кунанбайұлы по проблемам человека, ставшие стержнем его творчества, как национально-региональный компонент, стали инструментом формирования социокультурной компетентности посредством сравнительного обучения оригиналам и переводам.*

*Прежде чем антропоцентрическая парадигма получила широкое распространение в науке, еще в XIX веке Абай изучая труды великих мыслителей, которые были до него, в процессе перевода их произведений создал новый стиль письма в казахской литературе. Подчеркивается, что Абай через свои философские стихи, через размышления о положении своего народа, на основе полной человеческой концепции,*

*призвал молодежь строить светлое будущее, учиться, развиваться духовно. Стихи поэта написаны в глубоком философском ключе и выражают свое отношение к социально-историческим условиям. Доказывается, что интерес к творчеству поэта начал проявляться с XX века, когда произведения поэта начали выходить в печать. Стихи и сочинения Абая были переведены на многие языки, прославили казахский язык и литературу, историю казахского народа. Однако, в связи с тем, что переводы Абая на английский язык переводятся не с казахского, а с русского на английский, в статье анализируются недостатки смысла текста оригинала и текста перевода, то, что философская точка зрения не полностью переданы читателю, а изначальный замысел поэта в статье не раскрывается. В качестве рекомендации следует отметить, что произведения, переведенные с казахского языка на русский язык, еще не достигли уровня Абая и нуждаются в качественном переводе.*

*Ключевые слова: Абай, поэма, словоназидание, перевод, текст, национально-региональный компонент, социокультурная компетентность.*

\*Zh. B. Bolatbekova<sup>1</sup>, A. M. Kartayeva<sup>2</sup>, B. D. Zhumakayeva<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>S. Amanzholov East Kazakhstan University

Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk;

<sup>3</sup>Suleyman Demirel University

Republic of Kazakhstan, Kaskelen.

Material received on 13.03.23.

## COMPARATIVE ANALYSIS AND TEACHING OF ENGLISH TRANSLATIONS OF ABAI

*The article examines how the works of Abai Kunanbayuly on human problems, as a national-regional component, have become a tool for the formation of socio-cultural competence through comparative teaching of originals and translations.*

*Before the anthropocentric paradigm became widespread in science, back in the 19th century, Abai, studying the works of the great thinkers who came before him, in the process of translating their works created a new style of writing in Kazakh literature. It is emphasized that Abai, through his philosophical poems, through reflections on the situation of his people, on the basis of a complete human concept, called on young people to build a bright future, study, develop spiritually. The poet's*

*poems are written in a deep philosophical vein and express their attitude to socio-historical conditions. It is proved that interest in the poet's work began to appear from the 20th century, when the poet's works began to be published. Abai's poems and writings were translated into many languages, glorified the Kazakh language and literature, the history of the Kazakh people. However, due to the fact that Abai's translations into English are translated not from Kazakh, but from Russian into English, the article analyzes the shortcomings of the meaning of the original text and the translation text, the fact that the philosophical point of view is not fully conveyed to the reader, and the original intent of the poet is not disclosed in the article. As a recommendation, it should be noted that the works translated from Kazakh into Russian have not yet reached the level of Abai and need high-quality translation.*

*Keywords: Abai, poem, book of words, translation, text, national-regional component, socio-cultural competence.*

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz